



МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТІ

МЕМЛЕКЕТТІҢ МӘҢГІЛІК МҰРАЛАРЫ ДӘРІПТЕЛДІ

Ұлттық домбыра және Астана күніне орай аудандық мәдениет үйінде мемлекеттік мекеме-ұйым қызметкерлерінің қатысуымен салтанатты жиын өтті. Мерекеге сай безендірілген сахнада лед экраннан Ұлттық домбыра және Астана күніне арналған бейнебаяндар көрсетілді. «Аса сазы» би тобының бишілері мың бұралған биімен айтулы шараның шымылдығын түрді.

Шұғыла АҚШАБАЙ



Сахнаға көтерілген аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы бір-біріне тұспа-тұс келген қос мерекенің маңыздылығына кеңінен тоқталып, жиналған қауымға ізгі тілегін арнады.

– Домбыра – қазақтың қасиетті қазынасы, елдік пен ерліктің, тарих пен тағылымның, бірлік пен рухтың нышаны. Ғасырлар бойы халқымыздың мұңы мен қуанышын, арман-аңсарын күй тілімен жеткізген қастерлі домбыра – ұлттың мәңгілік



мұрасы. Сондықтан ұлттық өнерді дәріптеу, өскелең ұрпақтың бойына төл мәдениетімізге деген құрметті сіңіру – баршамыздың ортақ міндетіміз. Бұл – ұлттық мұраны сақтау ғана емес, елдігімізді нығайтудың, ұлттың рухын асқақтатудың айқын бағдары. Биылғы Ұлттық домбыра күнінің мәні бұрынғыдан да ерекше. Өйткені бұл мереке жаңа Конституция күшіне енгеннен

кейінгі алғашқы ұлттық мереке ретінде аталып өтуде.

Тарихи өзгерістер тұсында ұлттық құндылықтарымызды сақтау мен дәріптеудің маңызы бұрынғыдан да арта түседі. Өйткені қуатты мемлекет ең алдымен өз тарихын құрметтейтін, мәдениетін қастерлейтін, рухани тамырынан ажырамайтын халықтың күшімен қалыптасады.

Баршаның Астана күнімен

де құттықтаймын! Елордамыз – Тәуелсіз Қазақстанның жарқын жетістігінің, ел бірлігі мен тұрақты дамуының символы. Бүгінгі Астана – жаңашылдықтың, өрлеудің және мемлекетіміздің биік мақсаттарының айқын көрінісі. Бас қаламыздың дамуы – бүкіл Қазақстанның дамуының айғағы.

Ұлттық домбыра күні – өткенімізді ұлықтап, болашаққа

сеніммен қадам басатын ерекше мереке. Ал Астана – жарқын болашақтың нышаны. Осынау тағылымы терең мерекелер әр шаңыраққа береке мен бақ-дәулет әкелсін. Ұлттық рухымыз асқақ, бірлігіміз бекем, мемлекетіміздің мерейі үстем болсын! Еліміз өсіп-өркендей берсін. Баршаның көтеріңкі көңіл күйі мен әсерлі кеш тілеймін, – деді өңір басшысы өз сөзінде.

Келесі кезекте аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары және «Аса сазы» ансамблі арнайы дайындаған мерекелік концерттік бағдарламасын көрсетті. Ұлттық домбыра және Астана күніне арнау айтып, «Домбыра» композициясын, «Әлқиса», «Атырау» күйлерін орындады. «Уғай-ай», «Астана», «Домбыра туралы баллада», «Саржайлау», «Домбыра» әндерін шырап, көпшіліктің қошеметіне бөленді.

Ұлттық домбыра және Астана күніне арналған салтанатты жиын жергілікті жігіттер кварталінің әулеткен «Туған жерім тамаша» әнімен түйінделді.

Домбыраның қоңыр үні әр шаңыраққа шаттық сыйлап, Астанамыздың абыройы арта берсін. Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, іргесі берік болсын! Көпшілік қауымның көкейдегі мерекелік тілегі де осы болса керек.

9 ШІЛДЕ – СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ЦИФРЛАНДЫРУ, ТИМДІ СУ БӨЛУ ЖӘНЕ ЖАС МАМАНДАРДЫ ҚОЛДАУ –**«ҚАЗСУШАР» РМК ЖАМБЫЛ ФИЛИАЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ**

Қайрат АМАНОВ,
«Қазсушар» РМК
Жамбыл облыстық
филиалының
директоры.

Филиалда су шаруашылығы саласын цифрландыруға ерекше көңіл бөлінуде. Су пайдаланушыларға көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында облыс бойынша өндірістік бөлімшелерде халыққа арналған 10 өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы ашылды. Мұнда азаматтар су пайдалану қызметтерін электрондық форматта алып, биллинг жүйесінде өздігінен тіркелуге және мемлекеттік қызметтерді онлайн рәсімдеуге мүмкіндік алды.

Бүгінде су пайдаланушылармен жасалатын келісімшарттар алғаш рет

толықтай электрондық форматта рәсімделуде. Бұл жанашылдық қағаз құжат айналымын қысқартып, қызмет көрсету уақытын едәуір азайтты. Сонымен қатар көрсетілетін қызметтердің ашықтығы мен сапасы артып, су пайдаланушылар мен мекеме арасындағы байланыс жаңа деңгейге көтерілді.

Су ресурстарын тиімді басқару мақсатында Талас өзенінде, ЛОК-та, «Базарбай» магистральдық каналында және ФОК-та суды автоматтандырылған есепке алу жүйелері енгізілді. Ал Жамбыл облысындағы 86 ирригациялық каналды автоматтандыру жобасы аясында жобалау жұмыстары

жалғасуда. Сондай-ақ Ислам даму банкінің қаржыландыруымен қайта жаңғыртылып жатқан 71 каналға алдағы уақытта автоматтандырылған су есепке алу және мониторинг жүйелерін енгізу үшін техникалық зерделеу жүргізілді. Қазіргі таңда бақылауда.

Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін арттыру мақсатында «Ақкөл» және «Тасөткел» бөгеттеріне, сондай-ақ «Теріс-Ащыбұлақ» су қоймасына бейнебақылау жүйелері орнатылды. Бұл нысандардың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етуге және тәулік бойы бақылау жүргізуге мүмкіндік береді.

Вегетациялық кезеңде филиал облыстың 10 ауданында су беру жұмыстарын үйлестіріп, су қоймаларының жағдайын күнделікті бақылауда ұстады. Жыл басынан бері 3703 су пайдалану шарты жасалып, 62 435,9 гектар егістік алқабына 457,5 миллион текше метрден астам су жеткізу жоспарланды. Су беру лимиттері бойынша шаруаларға тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді.



«Қазсушар» РМК Жамбыл филиалы 2026 жылдың басынан бері су ресурстарын тиімді басқару, цифрлық технологияларды енгізу, ирригациялық инфрақұрылымды жетілдіру және кадрлық әлеуетті нығайту бағытында ауқымды жұмыстар атқаруда.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз**ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес 2026 жылдың 17 шілдесінде Жамбыл ауданының әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Ақбастау, Көлқайнар, Қарасу ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесу өткізеді.

Бірлесу-Еңбек ауылы, ауылдық клуб, сағат 10.00.

Тастөбе ауылы, Ә.Тарази атындағы тірек мектебі, сағат 11.30.

Ащыбұлақ ауылы, ауылдық клуб, сағат 15.00.

Өзгерістер болған жағдайда қосымша хабарланады.

Аудан әкімінің
аппараты.



Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің

аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.

Азаматтарды сайлаушылар тізімдеріне енгізу туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау

учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты

көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан
Республикасының
Орталық сайлау
комиссиясы.



О выборах депутатов Курултая Республики Казахстан

23 августа 2026 года состоится выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Депутаты Курултая избираются сроком на пять лет.

В состав Курултая входят 145 депутатов, избираемых по партийным спискам в соответствии с Конституционным законом о выборах по территории единого общенационального избирательного округа.

Выборы проводятся на основе всеобщего, равного и прямого избирательного права при тайном голосовании.

Депутатом может стать гражданин

Республики Казахстан, достигший 25-летнего возраста и постоянно проживающий на территории страны последние десять лет.

В партийном списке совокупная доля женщин, молодежи и лиц с инвалидностью должна составлять не менее 30 процентов от общего числа включенных в него лиц.

Политические партии самостоятельно определяют порядок размещения лиц в партийном списке.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан.

О включении граждан в списки избирателей

23 августа 2026 года состоится выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Списки избирателей по месту жительства составляются местным исполнительным органом.

В списки избирателей включаются граждане Республики Казахстан, достигшие на день голосования 18-летнего возраста, обладающие активным избирательным правом и зарегистрированные по месту жительства на территории соответствующих избирательных участков.

Временно зарегистрированные граждане включаются в списки избирателей на основании поданного ими заявления в местный исполнительный орган не позднее чем за тридцать дней до дня голосования или до 23 июля 2026 года.

Акимат организует включение

гражданина в список избирателей того избирательного участка, на котором он будет голосовать, и исключение его из списка избирателей по месту регистрации.

Гражданин может быть включен только в один список.

С 7 августа 2026 года избирателям будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке избирателей на конкретном избирательном участке через интернет-ресурс или колл-центр соответствующего акимата.

Для удобства избирателей посредством электронных сервисов будет организовано оповещение об избирательном участке.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная
комиссия Республики Казахстан.

Открепительное удостоверение на право голосования

23 августа 2026 года состоится выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Граждане Казахстана голосуют по месту жительства на территории соответствующего избирательного участка.

При перемене места своего пребывания за пятнадцать дней до голосования или с 7 августа 2026 года избиратель, по письменному заявлению в участковую избирательную комиссию по месту жительства и по предъявлении документа, удостоверяющего его личность, может получить открепительное удостоверение на право голосования.

Выдача открепительных удостоверений прекращается в восемнадцать часов по местному времени дня, предшествующего дню голосования или 22 августа 2026 года.

Допускается получение открепительного удостоверения на основании доверенности. Нотариальное удостоверение доверенности не требуется.

В случае утраты открепительное удостоверение не восстанавливается и его дубликат не выдается.

Открепительное удостоверение на право голосования не выдается избирателям, желающим участвовать в голосовании на другом избирательном участке в пределах

одного населенного пункта.

При голосовании на избирательном участке по месту пребывания участковая избирательная комиссия в день голосования включает избирателя в список избирателей на основании документа, удостоверяющего его личность, и выдает бюллетень для голосования взамен открепительного удостоверения.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная
комиссия Республики Казахстан.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

2026 жылғы
23
ТАМЫЗДА

Қазақстан Республикасы
Құрылтайының депутаттарын
сайлау өтеді

Қазақстан Республикасының Құрылтайы – еліміздің заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді органы

Құрылтай депутаттары
5 жыл
мерзімге сайланады

Құрылтайдың құрамына партиялық тізім бойынша сайланатын
145 депутат кіреді

Сайлау жалпыға бірдей,
тең және төте сайлау құқығы негізінде
жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі

25 жасқа толған және елдің аумағында соңғы 10 жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады

Партиялық тізімге енгізілген әйелдердің, жастардың, мүгедектігі бар адамдардың жиынтық саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс

Партиялық тізімдегі адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы www.election.gov.kz

ҚҰРЫЛТАЙ
23 августа

ГОЛОСУЙ ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

23
АВГУСТА
2026 ГОДА

состоится выборы
депутатов Курултая
Республики Казахстан

Курултай Республики Казахстан – высший представительный орган страны, осуществляющий законодательную власть

Депутаты Курултая избираются сроком
на **5 лет**

В состав Курултая входят
145 депутатов,
избираемых по партийным спискам

Выборы проводятся на основе всеобщего,
равного и прямого избирательного права
при тайном голосовании

Депутатом может стать гражданин Республики Казахстан, достигший 25-летнего возраста и постоянно проживающий на территории страны последние десять лет

В партийном списке совокупная доля женщин, молодежи и лиц с инвалидностью должна составлять не менее 30 процентов от общего числа включенных в него лиц

Политические партии самостоятельно определяют порядок размещения лиц в партийном списке

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан www.election.gov.kz

САЙЛАУ -2026

ЖАСТАРДЫҢ САЙЛАУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ

Жамбыл облысында жас сайлаушылардың электоралдық белсенділігін арттыру және олардың құқықтық-саяси сауаттылығын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда.

Осы мақсатта 2026 жылғы 15 маусымда Тараз қаласындағы М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде «Жас сайлаушылардың электоралдық белсенділігі мен сайлау мәдениетін дамыту – өзекті мәселе» тақырыбында жастармен кездесу өтті.

Іс-шараны Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы ұйымдастырды. Жиынға облыстық және аудандық аумақтық сайлау комиссияларының өкілеттігін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асыратын мүшелері, жас сайлаушылар клубтарының мүшелері, Жамбыл облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жаңабай Миллионов, «ЖАНАРУ» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпұлттық қозғалыс Республикалық ҚБ Жамбыл облыстық филиалының директоры Қасымхан Төлендиев, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің басқарма төрағасы-ректоры Ләззат Еркінбаева, Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің проректоры Арман Құдайбергенов, Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетінің академиялық жұмыс жөніндегі проректоры Асылбек Касенов пен аталған университеттердің білімгерлері, сондай-ақ, саяси партиялардың өкілдері қатысты.

Сонымен қатар, жастар саясаты саласының өкілдері, қоғамдық кеңес, ардагерлер ұйымдары мен үкіметтік емес ұйымдар өз пікірлерін ортаға салды.

Кездесуге М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті және Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетінің студенттері белсенді қатысты.

Кездесудің негізгі мақсаты – жастардың сайлау процесіне деген қызығушылығын арттыру, олардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру, электоралдық мәдениетті дамыту және жас буының қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуына бағыт беру.

Кездесуді Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов ашып, кәзіргі кезеңдегі жастардың қоғамдағы орны мен саяси белсенділігінің маңыздылығына тоқтала отырып: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында елімізде мемлекеттік жүйе дамып, азаматтарымыздың саяси мәдениеті өсіп келе жатқанын және жаһандық сын-қатерлер мен жаһандық өзгерістерді ескере отырып, бір палаталық Парламент-Құрылтай құру туралы бастама көтергендігін, ал 2026 жылғы 20 қаңтардағы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында, жоғарыда айтылғандардың негізінде, ҚР Вице-президенті институтын құру, Халық кеңесін құру және бірпалаталық Парламентке көшу еліміздің дамуына зор серпін беріп, оның әлеуетін арттыра түсетіндігіне сенім білдіре отырып, Парламенттік реформа аясында жаңа Конституция қабылдау қажеттігін ұсынғандығын айта келе, ағымдағы жылдың 15 наурызында өткен республикалық референдумда қазақстандықтардың 87 пайыздан астамы жаңа Конституцияны қолдап дауыс бергеніне тоқталды.

Бұл жаңа қабылданған Конституция Қазақстанның мемлекеттігін нығайтып, еліміздің саяси жүйесін түбегейлі жаңғыртып, еліміз жаңа тұрақтылық деңгейіне көтеріліп, кәзіргі алмағайым заманның сын-қатерлеріне жауап беретін сөзсіз екендігін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау салтанаты жанында сөйлеген сөзінде: «Мен бұған дейін де айттым, қазір де қайталаймын: еліміздің болашағы – жастарымыздың қолында. Мемлекет басшысы ретінде мен сіздерге сенемін, зор үміт артамын. Жастарымыздың қабілеті айрықша, талант-дарыны мол, әлеуеті зор, күш-жігері мықты. Қазақстанды әлемдегі ең озық, дамыған елдердің қатарына қосатын да – сіздер. Бұған еш күмән жоқ. Бүгін төрге озып, тұғырына сонған жаңа Халық Конституциясы сіздерге бағдар беретін темірқазық болды. Себебі, бұл – келер ұрпақпен бірге жасай беретін қасиетті құжат», – деп тағы бір мәрте жастарға сенім білдіргенін айтып кетті.

Мемлекет басшысы жаңа қабылданған Конституцияны жүзеге асыру мақсатында бірқатар конституциялық заңдарға қол қойғандығына, солардың бірқатарына тоқталып, қабылданған заңдар мен

«Сайлау туралы» заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы түсініктеме берді.

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» конституциялық заңы. Заң Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәртебесін, өкілеттіктерін және қызметін, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Вице-президентінің құқықтық мәртебесін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

Заңның басты жаңалығы – Вице-президент институтының құрылуы. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Вице-президент мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл барысында оның мүдделерін білдіреді және Президент айқындаған міндеттерді орындайды.

«Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заң, Құрылтайды ұйымдастыру мен оның қызметін, заң шығару процесін және Құрылтайдың өкілеттіктерін жүзеге асырудың өзге де нысандарын, оның депутаттарының құқықтық мәртебесін белгілейді.

Қазақстан Республикасының Құрылтайы – заң шығару билігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы болып табылады.

Құрылтай жалпыға бірдей, тең және төте сайлау негізінде, жасырын дауыс беру арқылы біртұтас жалпұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалдық өкілдік жүйе бойынша (партиялық тізім бойынша) сайланатын 145 депутаттан тұрады.

Құрылтай депутаттарының өкілеттік мерзімі – 5 жыл.

Құрылтайды мемлекеттік тілді жетік менгерген депутаттар арасынан жасырын дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланған Төраға басқарады.

Құрылтайдың өкілеттігіне тоқталатын болсақ: – Конституциялық заңдарды қабылдайды;

– соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

– ҚР Президентінің сайлауын жариялайды;

– жалпыхалықтық референдум өткізу туралы бастама көтереді;

– Қазақстан Республикасының Вице-президентін, Премьер-министрін, Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелерін тағайындауға келісім береді.

– Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Жоғарғы соттың судьяларын сайлау және қызметтен босату, Конституциялық Соттың, Жоғарғы соттың судьяларын қол сұғылмау кепілдігін айырады;

– Жылдына екі рет Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін тыңдайды.

– Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін талқылайды және бекітеді.

– Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша көпшілік дауыспен Үкіметке сенімсіздік қыотумын білдіруге құқылы.

«Қазақстан Халық Кеңесі туралы» конституциялық заңы Қазақстан Халық Кеңесінің құқықтық мәртебесін, өкілеттігін, құрылу тәртібін, құрамын қалыптастыруды және қызметін ұйымдастыруды белгілейді.

Қазақстан Халық Кеңесі – Қазақстан Республикасы халқының мүдделерін білдіретін жоғары консультативтік орган. Ол Қазақстан Республикасының азаматтарынан құралады.

Кеңес құрамында тепе-теңдік қағидаты негізінде этномәдени және қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттары мен қоғамдық кеңестерінің атынан 42 адамнан өкілдік етеді.

Халық кеңесінің жалпы құрамы 126 мүшеден тұрады, оларды Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы Қазақстан Халық Кеңесінің сессиясында төрт жылдық мерзімге сайланады. Халық Кеңесінің өкілеттік мерзімі төрт жылды құрайды.

Қазақстан Халық Кеңесінің мақсаты – мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға консультативтік тұрғыда қатысу арқылы халықтың мемлекеттік басқару саласындағы мүдделерін білдіруіне қамтамасыз ету.

Міндеті – мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары бойынша жалпы ұлттық диалогты ұйымдастырады; Қоғамдық келісімді, жалпұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту бағытында қызмет атқарады. Өкілеттігіне тоқталатын болсақ: – Мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар мен ұсынымды әзірлейді;



– Қазақстан Республикасының Құрылтайына заң жобаларын енгізеді;

– Жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді және т.б.

Елімізде жаңа қабылданған Конституцияның негізінде «Сайлау туралы» конституциялық заңға (71-бабына) бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осы Конституциялық заңмен реттелетін қатынастар бабына өзгеріс: «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» ҚР Конституциялық заң, Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасы Құрылтайы және мәслихат депутаттарын, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға дайындық және оны өткізу кезінде, сондай-ақ, бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған мәслихаттардың депутаттарын кері шақырып алу кезінде туындайтын қатынастарды реттейді.

Ал аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерінің сайлауы заңнан алынып тасталды.

Сондай-ақ, «Сайлау туралы» заң Республика азаматтарының ерік білдіру бостандығын қамтамасыз етіп кепілдіктерді белгілейді.

Сайлау құқығы принциптеріне енгізілген өзгеріс: Республика Президентін, Құрылтай және мәслихаттарының депутаттарын, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау құқығы бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі.

Сайлау жүйелеріне енгізілген өзгеріс: Құрылтай депутаттары бірінші жалпұлттық сайлау округінің аумағында пропорционалдық өкілдік жүйесі бойынша сайланады, яғни бұрынғыдай бірмандаттық сайлау жүйесі болмайды.

Ал, пропорционалдық өкілдік жүйе дегенімді, сайлаушылардың жеке кандидаттарға емес, саяси партияларға дауыс беретін сайлау жүйесі.

Президент Құрылтай сайлауын өткізу туралы Жарлыққа қол қойып, ол күшіне енген күннен бастап саяси партиялар біртұтас жалпұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Құрылтай депутаттарына сайлау үшін адамдарды (азаматтың партиялық тізімге енгізу келісімі негізінде) партиялық тізімге енгізу жұмыстарын жүргізеді.

Партиялық тізімге енгізу саяси партияның жоғарғы органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен шешіледі.

Саяси партияның жоғарғы органының шешімі азаматтың партиялық тізімге енгізуге келісімі туралы өтінішімен бірге ҚР ОСК-на тіркеуге және сайлауға қатысуға жіберу туралы мәселені қарауына ұсынады.

Ал тіркеуге бір саяси партиядан оған саяси партиялар арасында бөлінетін депутаттық мандаттардың белгіленген санының (145) отыз пайызынан аспайтын адамдар саны енгізілген бір ғана тізім жіберіледі.

адамдар саны енгізілген бір ғана тізім жіберіледі.

ҚР Орталық сайлау комиссиясы заңмен айқындалған өкілеттігі шеңбері негізінде депутаттыққа ұсынылған азаматтардың заң талаптарына сәйкестігін қарайды.

Сайлаудың қорытындысы бойынша әр партия алған дауыстарының үлесіне қарай депутаттық мандатқа ие болады, – деп түсініктеме берді.

Тараз қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыру және жастар бастамаларын қолдау секторының менгерушісі Дархан Байпақ сөз сөйлеп, Қызылорда қаласында алғаш рет Қазақстанның барлық өңірлерінен келген Жас сайлаушылар клубтары

мүшелерінің республикалық кездесуі өткенін атап өтті.

Ол 2026 жылғы 23 сәуірде «Жастар және сайлау» республикалық форумы аясында ашық пікір-алмасу форматында кездесу өткенін айтып, іс-шараға 400-ден астам жас сайлаушы қатысты. Сонымен қатар, Орталық сайлау комиссиясының, еліміздің барлық өңірлерінен Жас сайлаушылар клубтарының мүшелері, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары, сондай-ақ Қызылорда облысының сайлау комиссияларының мүшелері қатысты.

Нұрлан Әбдіров өз сөзінде сайлау үдерісін ұйымдастырудың негізгі элементтерін атап өтіп, еліміздің сайлау органдарының қызметі, ОСК жанындағы диалог алаңдары және халықаралық ынтымақтастық мәселелеріне тоқталды. Сондай-ақ жастардың электоралдық мәдениетін қалыптастыру сұрақтарына ерекше назар аударылды, – деп кездесу туралы ақпарат берді.

Сондай-ақ, Сарысу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының жанынан құрылған Жас сайлаушылар клубы төрағасының орынбасары, аудандық Жастар ресурстық орталығының директоры Мадина Пірімбек өңірлердегі жастармен жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндап, сайлау мәдениетін қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан іс-шараларға тоқталып, Сарысу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы жанынан құрылған Жас сайлаушылар клубы жастардың сайлау процесіне қызығушылығын арттыру, электоралдық белсенділігі мен құқықтық мәдениетін дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

Клуб ашылғаннан бері дебаттар, кездесулер және ақпараттық-түсіндіру шаралары ұйымдастырылып, жастардың қоғамдық-саяси науқандарға белсенді қатысуына ықпал еткенін айта келе, референдум кезінде клуб мүшелері мен ерікті жастар халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, азаматтардың сайлау үдерісіне қатысу белсенділігін арттыруға үлес қосқаны туралы баяндады.

Кездесуде университет студенттері де өз ойларын ортаға салды. М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 3-ші курс студенті Қалдыбек Алматы сөз сөйлеп, өз сөзінде:

«Бүгінгі жас – ертеңгі депутат, мемлекеттік қызметші, кәсіпкер, ғалым немесе қоғам қайраткері. Сондықтан жастардың қоғамдық-саяси процестерге қатысуы елдің болашағына тікелей әсер етеді. Әрбір берілген дауыс мемлекет дамуының бағытын айқындауға үлес қосады».

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде 13 мыңнан астам студент ұйым алуда. Университетте 12 студенттік ұйым мен 5 студенттік деканат жұмыс істейді. Сонымен қатар 1500-ден астам белсенді жас қоғамдық, ғылыми, мәдени және әлеуметтік жобаларға қатысып келеді.

Бұл көрсеткіштер жастардың қоғам өміріне қызығушылығы жоғары екенін көрсетеді. Студенттік ұйымдар мен өзін-өзі басқару құрылымдары жастардың көшбасшылық қабілетін дамытып қана қоймай, олардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға да ықпал етеді.

Өзім жастармен жұмыс саласында қызмет атқара отырып, жастарға мүмкіндік берілген кезде олардың қоғамға пайдалы көптеген бастамаларды жүзеге асыра алатынына көз жеткізіп келемін. Бүгінгі жастар волонтерлық қызметпен айналысып, әлеуметтік жобалар ұйымдастырып, қоғамдық мәселелердің шешілуіне өз үлестерін қосуда.

Жаңа Конституция жағдайында жастардың дауысы мен пікірі бұрынғыдан да маңызды. Сондықтан әрбір жас өзінің конституциялық құқықтарын біліп, қоғамдық өмірге белсенді араласуы қажет делі.

Кездесу барысында жастар атынан сөз алған Жамбыл облыстық аумақтық

сайлау комиссиясының жанынан құрылған Жас сайлаушылар клубының мүшесі, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Ерасыл Берді жастардың қоғамдық белсенділігі мен азаматтық ұстанымның қалыптасуындағы сайлау институтының роліне тоқталды. Ол заманауи ақпараттық қоғам жағдайында жастардың саяси процестерге саналы түрде қатысуы маңызды екенін атап өтті.

Е. Берді өз сөзінде: «Жас сайлаушылар – қоғамның ең серпінді, білімді және жаңашыл бөлігі. Олар жаңа идеяларды қолдайды, өзгерістерге бейім келеді және қоғамдағы түрлі мәселелерге өзіндік көзқарас қалыптастырады. Бүгінгі жас буын ертеңгі күні елдің басқару жүйесінде, экономикасында, ғылымында және мәдениетінде жетекші орын алатын азаматтарға айналады. Сол себепті олардың саяси сауаттылығы мен азаматтық жауапкершілігін арттыру аса маңызды, – делі.

Жиында М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің басқарма төрағасы-ректоры Ләззат Еркінбаева сөз сөйлеп, «Университетіміз жастардың құқықтық білімін арттыруға, олардың қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуына жағдай жасауға әрдайым қолдау көрсетеді. Осы мақсатта түрлі танымдық кездесулер, пікірталас алаңдары, дөңгелек үстел отырыстары мен ағартушылық іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Мұндай шаралар студенттердің сайлау үдерісін маңызды түсінуіне, азаматтық ұстанымның қалыптасуына және елдің қоғамдық өміріне жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді. Себебі бүгінгі белсенді жас – ертеңгі ел тағдырына әсер ететін саналы азамат» екенін жеткізді.

Кездесудің еркін пікір алмасу бөлімінде қатысушылар тарапынан сайлау заңнамасы мен сайлау органдарының қызметіне қатысты бірқатар сұрақтар қойылды.

Атап айтқанда, саяси партия өкілдері Құрылтай депутаттарына кандидаттарды ұсыну және оларды тіркеу кезінде жүргізілетін тексеру рәсімдеріне қызығушылық танытты. Қатысушыларға кандидаттардың заң талаптарына сәйкестігін Орталық сайлау комиссиясы мен уәкілетті мемлекеттік органдардың белгілеген тәртіппен тексеретін түсіндірілді.

Студенттер сайлау комиссияларында жұмыс істеу мүмкіндіктері мен оған қойылатын талаптар туралы сұрақтар қойды. Оң кезеңінде сайлау комиссияларының құрамы мәслихаттар арқылы қалыптастырылатыны және комиссия мүшелеріне заңнамада белгіленген біліктілік талаптары қойылатыны айтылды.

Сондай-ақ, Жас сайлаушылар клубтарының өкілдері сайлау заңнамасына енгізілген өзгерістер мен сайлау комиссияларының өкілеттіктеріне қатысты жаңашылдықтар жөнінде сұрақтар қойды. Кездесу барысында сайлау комиссияларының қызметін жетілдіруге бағытталған заңнамалық өзгерістер түсіндіріліп, аумақтық сайлау комиссияларының өкілеттіктері кеңейтілгені атап өтілді.

Қатысушылар барлық сұрақтарына толыққанды жауап алып, сайлау жүйесінің негізгі қағидаттары мен қолданыстағы заңнаманың ерекшеліктері туралы жан-жақты ақпарат алды.

Кездесу барысында қойылған сұрақтар мен айтылған ұсыныстар жастардың сайлау процесіне деген қызығушылығын арттып келе жатқанын көрсетті. Қатысушылар мұндай ашық диалог алаңдарының жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, азаматтық белсенділігін қалыптастыруға және сайлау мәдениетін дамытуға оң әсер ететінін атап өтті.

Кездесу қорытындысында Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы мен өңірдегі жоғары оқу орнына – М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті және Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

Меморандумның негізгі мақсаты – жастардың электоралдық сауаттылығын арттыру, сайлау заңнамасын түсіндіру, ғылыми-тәжірибелік іс-шараларды бірлесіп ұйымдастыру және жас сайлаушылар клубтарының қызметін дамыту бағытында өзара ынтымақтастықты нығайту.

Аталған бастама жастардың қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуына, азаматтық жауапкершілігін арттыруға және сайлау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы алдағы уақытта да жастар арасында құқықтық ағарту жұмыстарын жалғастырып, олардың елдің қоғамдық-саяси дамуына белсенді араласуына қолдау көрсететінін белгіледі.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы.

КЕҢЕЙТІЛГЕН КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

НАУҚАН БАРЫСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

Таяуда 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлау науқаны шеңберінде Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының кеңейтілген бірінші отырысы өтті.

Басқосуға Жамбыл облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары Серік Құрманбеков, облыс прокурорының аға көмекшісі Ғалым Қонақбаев, облыс әкімдігі ақпарат және қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Жанарбек Әбдіқалықов, облыс әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Самат Төрегелдиев, облыс әкімдігі энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрсұлтан Исабеков, облыс әкімдігі цифрландыру және архивтер басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айнура Құрамысова, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Жамбыл облысы бойынша филиалы басшысының міндетін атқарушы Агерке Әбдібекова, «Әділет» партиясы Жамбыл облыстық филиалының хатшысы Дәурен Қайпов, «Ақ жол» демократиялық партиясы Жамбыл облыстық филиалы төрағасының міндетін уақытша атқарушы Дәурен Ахметжаев, Ауыл партиясы Жамбыл облысы бойынша өңірлік филиалының төрағасы Сұлұшаш Құрманбекова, Қазақстан Халық партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Рахман Аққозиев, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы Жамбыл облыстық филиалының директоры Қасымхан Төлендиев, сонымен қатар қала-аудан әкімдерінің салаға жауапты орынбасарлары мен аппарат басшылары, қала, аудан әкімдіктері ішкі саясат бөлімдерінің басшылары, қалалық-аудандық аумақтық сайлау комиссияларының мүшелері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Комиссия отырысының күн тәртібіне сәйкес 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын орындау туралы; Құрылтай депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау құжаттарының нысандарын белгілеу туралы; Құрылтай депутаттарын сайлауда сайлаушылар тізімдерімен жұмысты ұйымдастыру туралы; Қазақстан Республикасы сайлау заңнамасындағы жаңашылдықтар туралы; Құрылтай депутаттарын сайлауға саяси партиялардың партиялық тізімдерін ұсыну және жіберу туралы; Құрылтай депутаттарын сайлау науқаны кезеңінде сайлау комиссияларының мүшелерін және сайлау процесінің басқа да қатысушыларын оқытуды ұйымдастыру туралы; Құрылтай депутаттарын сайлауын ақпараттық сүйемелдеу және сайлаудың үгіт жұмыстары туралы; Құрылтай депутаттарын сайлауды өткізу кезеңіндегі байқаушылар қызметі мен сенім білдірген адамдарын тіркеу тәртібі туралы мәселелер қаралды.

Комиссия отырысын Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов ашып, ол аталған жаңа Қазақстан Республикасының жаңартылған Конституциялық негіздері аясында өткізілетін Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауы қарсаңындағы маңызды кезеңдердің бірі екенін атап өтті.

Серғали Өмірзақұлы 2026 жылғы 1 шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Құрылтай депутаттарын сайлауды 2026 жылғы 23 тамызға тағайындау туралы» Жарлыққа



қол қойғанын және Президент Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастыруды тапсырғанын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне, әкімдіктерге Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдауды жүктегенін атап өтті.

Осыған орай 2026 жылғы 1 шілдеде 2026 жылдың 23 тамызына тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлау науқаны шеңберінде Орталық сайлау комиссиясының алғашқы отырысы өтіп, комиссия отырысының күн тәртібіне сәйкес 7 мәселе қаралып, тиісті қаулылар қабылданғанын, бұл отырыста «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауын ұйымдастыруға байланысты қабылданған қаулыларды іске асыру» мәселелері қаралатынын айтты.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Абылқайыр Боранбаев баяндама жасады. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының талаптарына сәйкес әзірленген Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізудің негізгі іс-шараларының Күнтізбелік жоспарымен таныстырды.

Баяндамашы сайлау науқанының негізгі кезеңдерін, оның ішінде күнтізбелік жоспарда көзделген өзге де негізгі іс-шараларды түсіндірді.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауы бойынша сайлау құжаттарының нысандарын белгілеу туралы» қаулымен таныстырды.

Баяндамада «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 12-бабының б) тармақшасына сәйкес Орталық сайлау комиссиясы сайлау құжаттарының нысандарын белгілейтінін атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Мейржан Сембеков сайлаушылардың өзекті әрі нақты тізімдерін қалыптастыру сайлау процесінің негізгі ұйымдастырушылық элементтерінің бірі болып табылатынын және оның «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және сайлаушылар тізімдерін қалыптастыру қағидаларына сәйкес жүзеге

асырылатынын хабарлады.

Баяндамада сайлаушылар тізімдерін қалыптастыру және ұсыну мерзімдеріне ерекше назар аударылды. Жергілікті атқарушы органдар сайлаушылар тізімдерін учаскелік сайлау комиссияларына 2026 жылғы 2 тамызға дейін ұсынады. Ал сайлаушылардың танысуы үшін тізімдер 2026 жылғы 7 тамыздан бастап қолжетімді болады.

Сонымен қатар, комиссия мүшелеріне есептен шығару куәліктері бойынша дауыс беру тәртібі туралы ақпарат ұсынылды. Есептен шығару куәліктерін беру 2026 жылғы 7 тамызда басталып, 22 тамыз күні жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталатынын атап өтілді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат берілді.

Сайлау заңнамасындағы негізгі жаңалықтар туралы Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Еркін Жапаров баяндады.

Ағымдағы жылдың II маусымында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Өзгерістер азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыруға және сайлау процесін жетілдіруге бағытталғанына тоқтала келе, жекелеген түзетулер Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауын өткізуге қатысты нормаларды айқындайды. Сонымен қатар сайлау құқығының негізгі қағидалары мен сайлауды ұйымдастыру тетіктері сақталғаны айты.

Келесі кезекте Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Талғат Жамалов партиялық тізімдерді ұсыну тәртібі туралы және комиссия мүшелерін оқыту жұмыстары туралы ақпарат берді.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң барлық саяси партияларға сайлауға қатысу үшін тең мүмкіндіктер береді. Заң талаптарына сәйкес келетін әрбір саяси партия өз партиялық тізімін ұсынуға құқылы. Бұл ретте ұсыну мен тіркеу рәсімі нақты регламенттелген: партияның жоғары органы шешім қабылдаған сәттен бастап құжаттарды Орталық сайлау комиссиясының тексеруіне дейінгі барлық кезеңдер заңмен айқындалған. Мұндай тәсіл сайлау рәсімдерінің ашықтығын және заңнаманың берікшілігі қолданылуына қамтамасыз етеді», – деді Талғат Жамалов.

Баяндамада Құрылтай депутаттарына кандидаттарға қойылатын талаптар мен шектеулерге де ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, сот әрекетке қабілетсіз деп

таныған, заңда белгіленген тәртіппен алынбаған немесе өтелмеген соттылығы бар, сондай-ақ сот сыбайлас жемқорлық қылмысын немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін кінәлі деп таныған адам кандидат бола алмайды.

Отырыс барысында партиялық тізімдерді тіркеу тәртібі және оларды қалыптастыруға қойылатын талаптар да түсіндірілді. Заңнамаға сәйкес, партиялық тізімге енгізілетін әйелдердің, жастардың, мүгедектігі бар адамдардың жыныстық саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс екенін жеткізді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутаттарының сайлауына дайындық аясында электоралдық оқытуды ұйымдастыру туралы ақпарат берді.

Ол сайлау комиссиялары мүшелерінің барлық санаттары үшін қашықтан тестілеу өтетінін айтты. Бұл тестілеу заңнаманы білу деңгейін ғана емес, оны сайлау рәсімдерін өткізу барысында іс жүзінде қолдану дайындығын да бағалауға мүмкіндік беретінін түсіндіре келе, тестілеуден сәтті өткен қатысушыларға электрондық сертификат берілетінін айтты.

Бұдан кейін, Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Мерей Амангелді сайлау науқанын ақпараттық сүйемелдеу және сайлау процесіне қатысушыларға сайлау алдындағы үгіт жүргізуді, бұқаралық ақпарат құралдары мен онлайн-платформаларды пайдаланушылардың қызметін, сондай-ақ қоғамдық пікірге сауал салуды реттейтін заңнаманың негізгі талаптары туралы ақпарат ұсынды.

«Сайлау алдындағы үгіттің заңмен нақты белгіленген мерзімдері бар. Ол партиялық тізімдерді тіркеу аяқталғаннан кейін, 23 шілде күні сағат 18.00-ден кейін басталып, 22 тамыз күні сағат 00.00-де аяқталады. Саяси партияны жақтап немесе оған қарсы дауыс беруге түрткі болатын кез келген үндеулерге тек осы кезеңде ғана жол беріледі. Белгіленген мерзім басталғанға дейін, сондай-ақ тыныштық күні мен дауыс беру күні үгіт жүргізуге заңмен тыйым салынған», – деп атап өтті.

Сонымен қатар, сайлау алдындағы үгіт кезеңі басталғанға дейін саяси партияның қызметі туралы ақпараттық деректер сайлаушыларды белгілі бір саяси партияны жақтап немесе оған қарсы дауыс беруге үгіттеу белгілерін қамтамасыз етеді», – деді Талғат Жамалов.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен онлайн-платформаларды пайдаланушылардың міндеттеріне де ерекше назар аударылды. Үгіт материалдарын орналастыру үшін олар сайлауды үгіт басталғанға дейін кемінде бес күн бұрын оларды орналастыру ақысының мөлшері мен

шарттары туралы мәліметтерді жариялап, Орталық сайлау комиссиясына ұсынуға міндетті. Осы талап орындалмайынша үгіт материалдарын жариялауға жол берілмейді.

Келесі мәселе бойынша, Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Мейржан Сембеков сөз сөйледі.

Халықаралық байқаушылардың қызметі үшін құқықтық және ұйымдастырушылық жағдай жасау мақсатында ол «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутаттарының сайлауы кезеңінде шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушылары мен шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қызметінің кейбір мәселелері туралы» қаулыны таныстырды.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің аккредитациясы болған жағдайда шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің байқауды жүзеге асыру мүмкіндігі көзделген. Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормалары бұзылған жағдайда аккредитацияны кері қайтарып алу тәртібі де реттелгенін түсіндірді.

Келесі Жамбыл облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары Серік Құрманбеков сөз сөйлеп, Мемлекет басшысының Құрылтайы депутаттарын сайлау туралы Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы бекіткен күнтізбелік жоспардың талаптарын сапалы әрі уақтылы орындау өңірдегі барлық мемлекеттік органдар үшін басым міндет екенін атап өтті.

Өз сөзінде ол жергілікті атқарушы органдардың сайлауға дайындығын ерекше тоқталды. Атап айтқанда, сайлау комиссияларын қажетті материалдық-техникалық құралдармен толық қамтамасыз ету, сайлау учаскелерінің мүгедектігі бар азаматтар үшін қолжетімді болуын ұйымдастыру, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ, барлық учаскелерді үздіксіз электр қуатымен қамтып, резервтік генераторлардың әзірлігін бақылауда ұстау міндеті қойылғанын жеткізді.

Сонымен бірге, үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған арнайы орындардың, ақпараттық стендтердің, билбордтар мен үгіт тақталарының жай-күйін ретке келтіру, олардың түнгі уақытта жарықтандырылуын қамтамасыз ету қажеттігі айтылды.

Сондай-ақ, барлық сайлау учаскелерінде телефон байланысы мен интернет желісінің тұрақты жұмысын алдын ала тексеру және сайлау күні ақаусыз қызмет көрсету мәселесіне баса назар аудару тапсырылды.

Серік Құрманбеков студенттердің, вахталық әдіспен еңбек ететін азаматтардың, әскери қызметшілердің және өзге де сайлаушылардың дауыс беру тәртібін алдын ала нақтылап, олардың конституциялық құқықтарын толық жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдай жасалуы керектігін жеткізді. Оның айтуынша, әрбір сайлаушының дауысы маңызды және ешбір азаматтың дауыс беру құқығы шектелмеуі тиіс.

Сөз соңында облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары кеңес барысында көтерілген мәселелердің барлығы жауапты мемлекеттік органдардың тұрақты бақылауында болатынын айтып, алдағы уақытта туындайтын кез келген мәселені бірлесіп талқылауға дайын екендіктерін жеткізді.

Отырысты қорытындылай келе Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының кәсіби әрі жауапты жұмысы сайлау науқаны сапалы ұйымдастырудың негізгі факторы екенін атап өтті.

Сондай-ақ ол сайлау процесіне қатысушылардың барлығы үшін сайлау заңнамасының талаптарын қатаң сақтау басты талап болып қала беретінін айтып, сайлау науқаны заңнама нормаларына толық сәйкес ашық әрі жариялы түрде өткізуді қамтамасыз етуді тапсырды.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы.

БЕСАҒАШ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ ӘБЕНОВ ОЛЖАС БАҚЫТЖАНҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, ӘбенOV Олжас Бақытжанұлы Жамбыл ауданы, Бесағаш ауылында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ, білімім – жоғары.

«Қаржы» мамандығы бойынша жоғары білім алып, еңбек жолымды «Kazmicrofinans» МКҰ-да кредиттік сарапшы маман болып бастадым. Әрі қарай

«Бесағаш-Ынтымақ» шаруа қожалығында бухгалтердің көмекшісі, Бесағаш ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман қызметін атқардым. Бесағаш ауылдық округі әкімінің орынбасары болдым. Қазіргі таңда Жібек жолы ауданы әкімінің бас инспекторымын.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУҒА КҮШ САЛАМЫН

Құрметті сайлаушылар!

Мен ең бірінші Қазақстан Республикасының Конституциясының талаптарына сәйкес жұмыс жүргізетін боламын. Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған басымдықтар мен бағыттардың орындалуын қамтамасыз ете отырып, ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға, ауыл экономикасын дамытуға келесі жұмыстарды атқаратын боламын:

– ауылдың бас жоспары бойынша жер учаскелерін кезекте тұрған азаматтарға кезең-кезеңімен берілуіне атсалысу;

– ауыл ішіндегі көшелерді кезең-кезеңімен жарықтандыру;

– Арал саяжайына елді мекен статусын беріп, шипалы бұлақты көркейткіп,

кәсіпкерлік пен туризм бағытын дамытуға үлесімді қосу;

– Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткішті көгалдандыру және жастар аллеясын салуды ұйымдастыру;

– ауылымызға инвестиция тарту, мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдалана отырып ауыл жастарын кәсіпкерлікке баулу;

– ауылымыздағы құрылысы жүргізіліп жатқан мәдениет үйінің мерзіміне сәйкес халық игілігіне берілуіне үн қосу;

– тұрғын үйлерге ауыз-судың толыққанды іске қосылуын қадағалау.

Қымбатты ауыл тұрғындары!

Алдағы уақытта осы және өзге де ауқымды жобаларды бірге атқаруға шақырамын.

*Тапсырыс беруші: Бесағаш ауылдық округі әкіміне кандидат
ӘбенOV О.Б.*

*Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
қаражаты есебінен төленді.*

БЕСАҒАШ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ ӘЛІҚҰЛОВ НҰРБАҚЫТ МЕЙРАМБАЙҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Әліқұлов Нұрбақыт Мейрамбайұлы, 1981 жылы 7 наурызда Жамбыл облысы, Тараз қаласында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ, білімім – жоғары.

2003 жылы Әулие-ата атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Заңгер» мамандығы бойынша тәмамдадым.

Еңбек жолымды 2002 жылы Тараз қалалық білім бөлімінің №9 орта мектебінде күзетші болып бастадым. 2006-2026 жылдары «Бент-2030» ЖШС супервайзері, «Озықбаева Г» ЖК супервайзері, «АзияТаразФуд» ЖШС супервайзері, «Дилан-

Фуд» ЖШС супервайзері, «Лесбекова Р» ЖК супервайзері, «Талипов П» ЖК супервайзері, «Империя» ЖК директоры, «Холод-08» ЖШС директоры, «Prestige-Мороз» ЖШС директоры, «Куликов и К» ЖШС директоры, «Nurba-Taraz» ЖК директоры, Айшабибі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметтерін абыроймен атқардым. 2026 жылғы 20 наурыздан бүгінгі күнге дейін Айшабибі ауылдық округі әкімінің орынбасары қызметін атқарып келемін.

Отбасында 3 бала өсіріп, тәрбиелеудемін.

АУЫЛДЫҚ ОКРУГТІ БІРГЕ ӨРКЕНДЕТЕЙІК!

Құрметті Бесағаш ауылдық округінің тұрғындары!

Округтің экономикалық, әлеуметтік аспектілерін жан-жақты зерделей келе, сайлауалды бағдарламамды ұсынып, келесі бағыттар бойынша жұмыстарды жүргізетін боламын:

– жауапты билік пен тиімді басқару жүйесін құру;

– әкімдік пен тұрғындар арасындағы байланысты дамыту;

– экономикалық даму мен өсім;

– инфрақұрылымды дамыту;

– ауыл шаруашылығы саласын дамыту;

– жұмыспен қамту;

– әлеуметтік саланы дамыту;

– тұрғындар арасында

салауатты өмір салтын қалыптастыру, округке қарасты елді мекендерде санитарлық тазалықты сақтау, көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстарын сапалы жүргізу;

– интернетті қолжетімді ету, байланыс желісін жақсартуға күш саламын.

Құрметті округ тұрғындары!

Алдағы сайлауға қатысу мен үшін үлкен жауапкершілік деп түсінемін. Сайлауда сіздердің қолдауларыңызбен жеңіске жетсем, ауылдық округті дамытуға бар күш-жігерімді жұмсаймын. Өзіме сенім білдірген сайлаушылардың, жалпы, жергілікті халықтың үмітін ақтаймын. Округті бірге өркендетейік!

*Тапсырыс беруші: Бесағаш ауылдық округі әкіміне кандидат
Әліқұлов Н.М.*

*Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
қаражаты есебінен төленді.*

БЕСАҒАШ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ АМАЛОВ ЕРБОЛАТ ІЛЕСБЕКҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Амалов Ерболат Ілесбекұлы, 1979 жылы 21 қыркүйекте Жамбыл ауданы, Өрнек ауылында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ, білімім – жоғары.

1998 жылы Шымкент есеп-сауда колледжін «Бухгалтер-аудитор», 2005 жылы Алматы экономика және статистика академиясын «Экономист» мамандықтары бойынша бітірдім.

Еңбек жолымды 1998 жылы «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың» Жамбыл аудандық бөлімінде маман болып бастадым. 2005-2024 жылдары «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың» Жамбыл аудандық бөлімінің жетекші маманы, бас маманы; «Зейнетақы төлеу жөніндегі

мемлекеттік орталықтың» Жамбыл облыстық филиалы ұйымдастыру бөлімінің басшысы, «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың» Жамбыл аудандық бөлімінің бас маманы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Жамбыл облысы бойынша филиалының Жамбыл аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы қызметтерін абыроймен атқардым. 2024 жылғы 9 қыркүйектен бастап бүгінгі күнге дейін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Жамбыл облысы бойынша филиалы Жамбыл аудандық бөлімі басшысының орынбасары қызметін атқарып келемін.

Отбасымда 4 бала өсіріп, тәрбиелеудемін.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРГЕ МӘН БЕРЕМІН

Құрметті сайлаушылар!

Егер мені қолдап, ауыл әкімі ретінде сайласаңыздар, онда алдағы төрт жылда:

- ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту;
- ауыл тұрғындарының сапалы медициналық қызмет алуына жан-жақты қолдау көрсету;
- елді мекеннің тазалығын тұрақты қамтамасыз етіп, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын жүйелі жүргізу;
- ауылшілік көшелерге түнгі жарықтандыру жұмыстарын жүргізу;
- ірі кәсіпкерлер мен инвесторларды тарта отырып, жаңа жұмыс орындарын ашу, жұмыссыздық деңгейін төмендету және ауыл жастарын тұрақты жұмыспен қамтуға ықпал ету;

– ауылдық округ аумағындағы ескірген электр бағаналарын кезек-кезеңімен жаңарту жұмыстарын үйлестіру;

– шаруалардың су үнемдеу технологияларын енгізуіне қолдау көрсету;

– мемлекеттік бағдарламалар арқылы төмен пайыздық несие алып, кәсіп ашуға және отбасылық бизнесті дамытуға ауыл тұрғындарына жан-жақты көмек көрсету;

– жаңа тұрғын үй алқаптарын газ және электр желілерімен қамтамасыз ету жұмыстарын аяқтау;

– ауылдық округте заманауи спорт кешенін, жастарға арналған демалыс саябақтарын және балалар ойын алаңдарын салу бағытындағы жұмыстарды жүзеге асыруды қолға аламын.

Маған дауыс берсеңіздер, сенімдеріңізді ақтаймын.

*Тапсырыс беруші: Бесағаш ауылдық округі әкіміне кандидат
Амалов Е.І.*

*Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
қаражаты есебінен төленді.*

БЕСАҒАШ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ АНАРБАЙ ТҰРСЫНХАН СЕРІКХАНҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Анарбай Тұрсынхан Серікханұлы, 1997 жылдың 22 қаңтарында Жамбыл ауданы, Шайдана ауылында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ, білімім – жоғары.

2018 жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университетін «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша аяқтадым.

Еңбек жолымды 2018 жылдың қазан айында аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы бойынша әдіскер болып бастадым. 2019-2025 жылдары аудан әкімдігі

кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің іс жүргізушісі, аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы, аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімшесіндегі аудан әкімінің бас инспекторы, қаржы-шаруашылық бөлімшесінің басшысы қызметтерін абыроймен атқардым. 2025 жылдың шілде айынан бастап бүгінгі күнге дейін аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімшесіндегі аудан әкімінің бас инспекторы қызметін атқарып келемін.

Отбасымда 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп, өсірудемін.

ЕЛДІ МЕКЕНДІ КӨРКЕЙТУ – БАСТЫ МАҚСАТЫМ

Құрметті сайлаушылар!

Бесағаш ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде өз сайлаушыларыма төмендегідей бағдарламаларды ұсынып, оның орындалуына ықпал жасауға барлық күш-жігерімді жұмсаймын деп сендіремін.

«Істің өзін емес, көзін тапқан ұтады» демекші, мені округ әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы төрт жылда:

– ауылдық округтің әлеуметтік-экономикасын дамыту, тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту;

– елді мекеннің тазалық, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын тұрақты жүргізу;

– ауылдық округке ірі кәсіпкерлер мен инвесторларды тарта отырып, жұмыс орындарын ашу, жұмыссыздық деңгейін азайту;

– ауылшілік көшелерге ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізу;

– ескірген электр бағаналарын ауыстыру жұмыстарын үйлестіру;

– шаруалардың су үнемдеу технологиясын іске асыруына ықпал ету;

– 2030 жылға дейін ауылдық округ аумағын абаттандыру және ауылдың көркеюіне бағытталған жұмыстарды жүзеге асыру;

– жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін толықтыруды ұлғайту, бюджеттік және төлем тәртібін қатаң сақтау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге үлесімді қосатын боламын!

Құрметті ауыл тұрғындары!

Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге бірге жетуге атсалысуға, маған үміт арта отырып дауыс беруге шақырамын.

Бәрімізге ортақ мақсат – ауылымызды көркейту, тұрмысымызды жақсарту, болашағымызды нық ету. Бұл жолда әрқайсыңыздың қолдауыңыз, дауысыңыз маңызды.

Сіздердің қолдауларыңызбен Бесағаш ауылдық округінің дамуы жолында адал еңбек етуге дайынмын!

*Тапсырыс беруші: Бесағаш ауылдық округі әкіміне кандидат
Анарбай Т.С.*

*Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
қаражаты есебінен төленді.*

БЕСАҒАШ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ НИГМАТУЛЛАЕВ БЕЙБІТ СҰҢҒАТҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Нигматуллаев Бейбіт Сұңғатұлы, Жамбыл ауданы, Бесжылдық ауылында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ, білімім – жоғары. Ұзақ жылдар бойы мемлекеттік және басқару қызметінде еңбек етіп, әр кезеңде адамдардың сенімі мен аманатына адал болуды басты ұстаным еттім. Қызмет барысында тек міндет атқару емес, тұрғындардың ұсынысын тыңдап, мәселенің мәнін түсініп, нақты нәтиже көрсету маңызды екенін ұғындым.

Бесағаш ауылдық округінде қызмет атқарған жылдары ауылдың тыныс-тіршілігімен етене таныстым. Тұрғындардың

күнделікті мәселелері, ауылдың әлеуеті мен болашағы мен үшін әрқашан маңызды болды.

Мен ауылдың дамуы үлкен сөзбен емес, нақты іспен, жүйелі жұмыспен және халықпен бірлескен әрекет арқылы жүзеге асатынына сенемін.

Бүгін сіздердің алдарыңызға тәжірибем, жауапкершілігіме және ауылымызға деген жанашыр көзқарасыма сүйене отырып келіп отырмын.

Басты мақсатым – ауылымыздың тұрақты дамуына серпін беру, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту және халықпен ашық әрі нәтижелі жұмыс жүргізу.

ХАЛЫҚ СЕНІМІ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Құрметті сайлаушылар!

Егер мені қолдап, дауыс берсеңіздер, сіздердің сенімдеріңізді ақтаймын деп уәде беремін. Алдағы уақытта төмендегі мәселелердің орындалуына күш жұмсаймын:

- «Арал» саяжайын елді мекен деп танып, инфрақұрылымын көтеруге;
- дренаж жүйелерін тазартуға;
- ауылдың бас жоспарына сәйкес жер учаскелерінің кезекте тұрған тұрғындарға кезең-кезеңімен берілуіне атсалысуға;
- ауылдық округтің инфрақұрылымын одан әрі дамытуға (жарықтандырылмаған көшелерге жарықшамдар орнату);
- мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдалану арқылы ауыл тұрғындарының кәсіп ашуына қолдау көрсетуге;
- ауылдық округ жастарын патриоттық рухта тәрбиелеу, діни көзқарастарына дұрыс бағыт-бағдар беру, теріс ағымдар мен нашақорлыққа салынбауына және мектепте білім алу сапасына ерекше көңіл бөлуге;
- қоғамдық тәртіптің сақталуына және сыбайлас жемқорлықпен күресуде қай салада болмасын жемқорлық әрекеттерге жол бермей, ұрлыққа қарсы

құқық қорғау органдарымен бірлесе жұмысты күшейтуге;

– ардагерлер мен қарттарға, аз қамтылған отбасыларға жағдай жасау, олардың арыз-шағымдарын бақылауға алып, тиісті органдармен әділ шешілуін қадағалау және дәрігерлік қызмет көрсету сапасын арттыруға;

– қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында аудан басшылығы, ауыл ақсақалдарының ой-пікірлерімен санасып, тиянақты түрде тиісті органдармен бірлесе шешім қабылдауға;

– мектеп, амбулатория, мәдениет үйі және басқа әлеуметтік нысандардың материалдық базасын нығайтуға күш саламын.

Құрметті ауыл тұрғындары!
Ауылымыздың баянды болашағы – ортақ мақсат пен бірлескен еңбектің нәтижесі. Сондықтан сіздерді ел игілігі жолында бірге жұмыс істеуге шақырамын.

Сенім – үлкен жауапкершілік. Сол сенімді адал еңбекпен және нақты нәтижемен ақтауға дайынмын.

Бірлік пен нақты іске сүйене отырып, ауылымыздың дамуына бірге үлес қосайық!

Тапсырыс беруші: Бесағаш ауылдық округі әкіміне кандидат Нигматуллаев Б.С.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы қаражаты есебінен төленді.

БЕСАҒАШ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ ТАПЖАНОВ ТӨРЕХАН ЖҰМАБЕКҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Тапжанов Төрехан Жұмабекұлы, 1965 жылы 10 қарашада Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Крупская колхозында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ. Білімім – жоғары.

1993 жылы Қазақ политехникалық институтын «инженер-құрылысшы», 2007 жылы Алматы экономика және статистика академиясын «есеп және аудит», 2014 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «мұнай газ инженері» мамандықтары бойынша бітірдім.

1984-1986 жылдары Кеңес одағының Қарулы Күштер қатарында азаматтық борышымды өтедім. 1988-2022 жылдары В.И.Ленин атындағы политехникалық институтының пайдалы қазбалар мен кен орындарының технологияларын әзірлеу кафедрасында лаборант, №811 әскери құрылыс жасағында

есеп технигі, «Индустрой» құрылыс басқармасының 3 разрядты ағаш ұсташы-бетоншысы, Жамбыл аудандық комсомол комитетінде нұсқаушы, №64 жол эксплуатациялық учаскесінде шебер, облыстық ішкі істер басқармасында учаскелік инспектор, Б.Бесбаев атындағы орта мектепте алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, «Амангелді газ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде маман, жетекші маман, механик, Айшабibi ауылдық округі әкімінің орынбасары, Қарой ауылдық округінің әкімі лауазымдарын абыроймен атқардым.

2022 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Қызылқайнар ауылдық округі әкімі болып қызмет атқарып келемін. Отбасымда 2 ұл, 2 қыз өсіріп, тәрбиелеудемін.

БЕЛСЕНДІ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ БАРЫМДЫ САЛАМЫН

Адам еңбегінен қуаныш таба білсе, бойына күш-қайрат қосылып, еңбекке деген шабыты арта түседі. Зор ықылас, шабытпен істеген іс – табыс биігіне жеткізетін қанат. Мен де еңбегіммен шабыттанып, маңдай терінен нәр алып жүрген азаматтың бірімін.

Бесағаш ауылдық округінің әкіміне үміткер ретінде төмендегі сайлауалды бағдарламамды ұсынамын:

- ауыл тұрғындарын ауызсумен толықтай қамтамасыз етуге;
- ауылдық округте кезекте тұрған 1110 тұрғынға қосалқы шаруашылығын жүргізуге жер телімдерін беруге;
- 2030 жылға дейін ауылдық округ аумағын абаттандыруға және ауылдың көркеюіне жұмыс жасауға;
- ауылдық округте балабақша салуға инвестор табуға жұмыс жасауға;
- ауылдық округте балалар ойын алаңдары құрылысын жүргізуге;
- ауыл айналасында орналасқан дренаж каналдарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге;
- ауыл тұрғындарының, оның ішінде ана мен баланың денсаулығы, яғни, ауылдағы медициналық және

малдәрігерлік қызметтер сапасын арттыруға;

– Бесағаш ауылдық округінің ауылшілік көшелеріне толық түнгі жарық орнатуды кезең-кезеңімен жүргізуге;

– мал және егін шаруашылығын дамытуға қолайлы жағдай жасауға;

– жастарды жұмыспен қамтуға және кәсіпкерлікке тартуға қолдау көрсетуге;

– тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын ашық әрі әділ қарастыруға;

– ауыл мәселелерін халықпен бірлесе отырып шешуге;

– әкімдік қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге қосымша қаржыландыру көздерін қарастырамын және бюджеттен қаражаттың бөлінуіне ықпал етемін.

Халықтың әл-ауқатын арттыру мақсаттарын іске асыру үшін тәжірибем мен білімімді жұмсауға, ел игілігі үшін белсенді жұмыс істеуге барымды саламын!

Ол үшін маған сіздердің қолдауларыңыз қажет!

Тапсырыс беруші: Бесағаш ауылдық округі әкіміне кандидат Тапжанов Т.Ж.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы қаражаты есебінен төленді.

ҚЫЗЫЛҚАЙНАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ БЕСТЕРЕКОВ САҒЫНБЕК ҚЫДЫРАЛЫҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Бестереков Сағынбек Қыдыралыұлы, 1985 жылы 7 қазанда Жамбыл ауданы, Ерназар ауылында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ, білімім – жоғары.

2010 жылы М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Экология», 2013 жылы М. Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институтын «Құқықтану», 2025 жылы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетін «дене шынықтыру және спорт» мамандықтары бойынша бітірдім.

Еңбек жолымды 2011 жылы Сарысу аудандық халыққа қызмет көрсету орталығында кеңесші болып бастадым. 2012-2026 жылдары Сарысу аудандық халыққа қызмет көрсету орталығында кеңесші, Ерназар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы қызметтерін абыроймен атқардым. 2026 жылдың маусым айынан бүгінгі күнге дейін аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы қызметін атқарып келемін.

Отбасымда 6 бала өсіріп, тәрбиелеудемін.

АЛҒА ҚОЙҒАН МАҚСАТЫМ АЙҚЫН

Әкім болу – округ тұрғындарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, олардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, талап-тілектерінің орындалуына, округтің көркеюі жолында адал қызмет ету. Мемлекеттік қызметтегі жұмыс тәжірибемді пайдалана отырып, алдағы төрт жылда төмендегі жұмыстарға баса назар аударамын:

– халықтың әл ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстау;

– округ тұрғындары мен ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында спорт саласын дамыту;

– аз қамтылған, көпбалалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмау, мемлекет

тарапынан көрсетілетін көмектермен қамтамасыз ету;

– аумақтың санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыру;

– округтегі кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарымен тығыз байланыста болып, ауылдың мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастыру;

– тозығы жеткен электр бағаналарын алмастыру;

– ауыл көшелерін ретке келтіру, ескірген асфальт жабындыларын ағымды жөндеу, жол белгілерін орнату жұмыстарына басымдық беремін.

Қымбатты ауыл тұрғындары! Алдағы уақытта осы және өзге де ауқымды жобаларды бірге атқаруға шақырамын.

*Тапсырыс беруші: Қызылқайнар ауылдық округі әкіміне кандидат Бестереков С.Қ.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы қаражаты есебінен төленді.*

ҚЫЗЫЛҚАЙНАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ ЕРЖАН ЖҰБАТҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Ержан Жұбатұлы, 1992 жылы 14 сәуірде Өзбекстан Республикасы, Навой облысы, Үшқұдық ауданы, Ұзынқұдық ауылында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ, білімім – жоғары.

2013 жылы М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Информатика» мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолымды 2016 жылы Гродиково ауылдық округі

әкімі аппаратында «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы бойынша бағдарламашы болып бастадым. 2016 жылдың маусым айынан бастап бүгінгі күнге дейін Жамбыл ауданы Гродиково ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман болып қызмет атқарып келемін.

Отбасымда 1 ұл, 1 қыз өсіріп, тәрбиелеп отырмын.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҰМЫТ ҚАЛДЫРМАЙМЫН

Ауыл – қазақтың қарашаңырағы. Оның киесін қастерлеп, ырыс-ынтымағын сақтап, көркеюіне үлес қосу – әрбір азаматтың қасиетті парызы. Мен де осы қасиетті өңірдің төл перзенті ретінде туған ауылымның дамуына өз үлесімді қосуды азаматтық міндетім деп білемін.

Құрметті сайлаушылар!

Егер сіздердің қолдауларыңызбен ауыл әкімі болып сайлансам, төмендегі бағыттар бойынша нәтижелі жұмыс атқаруға күш-жігерімді жұмсаймын.

– ауылшілік көшелерді жөндеу және жарықтандыру жұмыстарын жүзеге асыруға ықпал ету;

– ескірген көше жолдарын кезең-кезеңімен жөндеуден өткізу;

– Қызылқайнар ауылдық округіндегі электр желілерін жаңарту жұмыстарына қолдау көрсету;

– ауылдық округте интернет пен ұялы байланыс сапасын

жақсартуға ықпал ету;

– мемлекеттік бағдарламалар арқылы төмен пайыздық несие алып, кәсіп ашуға және отбасылық бизнесті дамытуға ауыл тұрғындарына қолдау көрсету;

– жаңа тұрғын үй алқаптарын газ және электр желілерімен қамтамасыз ету жұмыстарын аяқтауға ықпал ету;

– спорт кешенін, жастарға арналған демалыс орындарын және балалар ойын алаңдарын салу жұмыстарын жүзеге асыру;

– жер кезегінде тұрған азаматтарға тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдерін беру жұмыстарын жеделдетуге ықпал ету;

– жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін ұлғайтуға, бюджет қаражатының тиімді әрі ашық жұмсалыуын қамтамасыз етуге күш салу.

Құрметті жерлестер!

Сіздердің сенімдеріңізді ақтау үшін білімім мен тәжірибемді, күш-жігерімді туған ауылымның дамуына арнаймын.

*Тапсырыс беруші: Қызылқайнар ауылдық округі әкіміне кандидат Жұбатұлы Е.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы қаражаты есебінен төленді.*

ҚЫЗЫЛҚАЙНАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ ҚОЖАБЕКОВ БОЛАТ САТЫБАЛДЫҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Қожабеков Болат Сатыбалдыұлы, 1972 жылы 12 наурызда Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Қызылқайнар ауылында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ. Білімім – жоғары.

1991 жылы Шымкент медициналық училищесін «тіс технигі», 2003 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «экономист», 2019 жылы Халықаралық гуманитарлық техникалық университетін «құқық» мамандықтары бойынша тәмамдадым.

Еңбек жолымды 1991 жылы Жамбыл облыстық стоматологиялық емханасының тіс технигі болып бастадым.

2004-2025 жылдары Жамбыл облысы статистика басқармасы Қызылқайнар ауылдық округі бойынша маманның міндетін уақытша атқарушы, Жамбыл

облысы статистика басқармасы Қызылқайнар ауылдық округі бойынша маманы, Жамбыл облысы статистика басқармасы Жамбыл аудандық статистика бөлімінің жетекші маманы, Жамбыл облысы статистика департаменті Жамбыл аудандық статистика бөлімінің жетекші маманы, Жамбыл облысы статистика департаменті Жамбыл аудандық статистика басқармасының жетекші маманы, Жамбыл облысы статистика департаментінің жетекші маманы, Қызылқайнар ауылдық округі әкімінің орынбасары, Гродиково ауылдық округінің әкімі, Байзақ ауданы әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бас маманының міндетін атқарушы қызметтерін абыроймен атқардым.

Отбасымда 5 бала өсіріп, тәрбиелеудемін.

БАСТЫ МАҚСАТЫМ – АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТҰРМЫС САПАСЫН ЖАҚСARTУ

Менің басты мақсатым – ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту, әлеуметтік-экономикалық дамуға серпін беру, халықтың өзекті мәселелерін тиімді шешу және келешек ұрпақ үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру.

«Істің өзін емес, көзін тапқан ұтады» демекші, мені округ әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы төрт жылда:

– Қызылқайнар ауылдық округінің ауылшілік көшелеріне 100 пайыз асфальт төсеуге;

– 2030 жылға дейін ауылдық округ аумағын абаттандыруға және ауылдың көркеюіне, жергілікті жерде шағын кәсіпкерліктің дамуына;

– ауыл тұрғындарының, оның ішінде ана мен баланың денсаулығы, яғни, ауылдағы медициналық және малдәрігерлік қызметтер сапасының артуына;

– Қызылқайнар ауылдық округінің ауылшілік көшелеріне толық түнгі

жарық орнатуға;

– Қызылқайнар ауылдық округіне қарасты ауылдарда балалар ойын алаңдарын, спорттық және демалыс орындарын көбейтуге;

– шаруа қожалықтарына мемлекеттік бағдарламалар мен жеңілдетілген несиелерге қол жеткізуге көмектесуге;

– мал және егін шаруашылығын дамытуға қолайлы жағдай жасауға;

– жастарды жұмыспен қамтуға және кәсіпкерлікке тартуға қолдау көрсетуге;

– тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын ашық әрі әділ қарастыруға;

– ауыл мәселелерін халықпен бірлесе отырып шешуге;

– жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін толықтыруды ұлғайту, бюджеттік және төлем тәртібін қатаң сақтау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге үлесімді қосамын.

*Тапсырыс беруші: Қызылқайнар ауылдық округі әкіміне
кандидат Қожабеков Б.С.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
қаражаты есебінен төленді.*

ҚЫЗЫЛҚАЙНАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ МҰСАХАНОВ БЕКЕЖАН БАЗАРБАЙҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Мұсаханов Бекежан Базарбайұлы, 1978 жылы 2 наурызда Жамбыл ауданы, Жасөрген ауылында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ, білімім – жоғары.

2005 жылы Тараз институтын «Тарих, құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша тәмамдадым.

Еңбек жолымды 2000 жылы Жасөрген ауылындағы М.Әуезов атындағы орта мектепте тарих және құқық

пәнінің мұғалімі болып бастадым. 2010-2024 жылдары Қызылқайнар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-іс жүргізуші, келісімшарт негізінде операторы, бас маман-іс жүргізуші қызметтерін абыроймен атқардым. 2024 жылдың 1 қазанынан бастап бүгінгі күнге дейін Қызылқайнар ауылдық округі әкімінің орынбасары қызметін атқарып келемін.

Отбасымда 2 ұл, 3 қыз өсіріп, тәрбиелеудемін.

ЖЕРГІЛІКТІ ЖҰРТТЫҢ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚSARTУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРЕМІН

Мен, Қызылқайнар ауылдық округінде туып-өстім. Еңбек жолымды өз ауылымнан бастадым. Ауылдың тыныс-тіршілігі, жай-күйімен, ауқымды және ұсақ-түйек мәселелерімен етене таныспын. Сол үшін де менің сайлауалды бағдарламам ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге және дамытуға бағытталған.

Қызылқайнар ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде өз сайлаушыларыма төмендегідей сайлауалды бағдарламамды ұсынамын:

– ауылдық округтің экономикасын дамыту, тұрғындардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын жақсарту;

– тазалық және абаттандыру жұмыстарын тұрақты жүргізу;

– ауылшілік көшелерді түнгі

жарықтандыру;

– ауылдық округке ірі кәсіпкерлер мен инвесторларды тарта отырып, жұмыс орындарын ашу, жұмыссыздық деңгейін азайту;

– ауылшілік көшелерді ағымды жөндеу;

– шаруалардың су үнемдеу технологиясын іске асыруына ықпал ету;

– бюджеттен қаражаттың бөлінуіне ықпал ету;

– жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін толықтыруға үлесімді қосатын боламын.

Құрметті ауыл тұрғындары!

Бәрімізге ортақ мақсат

– ауылымызды көркейту,

тұрмысымызды жақсарту,

болашағымызды нық ету.

Бұл жолда әрқайсыңыздың

қолдауыңыз, дауысыңыз

маңызды.

*Тапсырыс беруші: Қызылқайнар ауылдық округі әкіміне
кандидат Мұсаханов Б.Б.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
қаражаты есебінен төленді.*

ҚЫЗЫЛҚАЙНАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ ОМАРБЕК ДАРХАН АСҚАРҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Омарбек Дархан Асқарұлы, 1996 жылы 9 сәуірде Жамбыл облысы, Тараз қаласында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ, білімім – жоғары.

2018 жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университетін «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша аяқтадым.

Еңбек жолымды 2018 жылы аудан әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімшесінде «Жастар тәжірибесі» бойынша бастадым. 2019-2025 жылдары аудан әкімі аппараты ұйымдастыру-инспекторлық бөлімшесінің іс қағаздар жүргізушісі, аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-

инспекторлық бөлімшесінің статисі, Қызылқайнар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы, Қарой ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, аудан әкімдігі кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің бас маманы қызметтерін абыроймен атқардым. 2025 жылдың 10 қарашасынан бастап бүгінгі күнге дейін аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімшесіндегі аудан әкімінің бас инспекторы қызметін атқарып келемін.

Отбасымда 2 ұл, 1 қыз өсіріп, тәрбиелеудемін.

ЕЛДІҢ СЕНІМІ – МЕН ҮШІН ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Құрметті сайлаушылар!

Мен Қызылқайнар ауылдық округі әкімі аппаратында екі жылға жуық қызмет атқардым. Осы уақыт ішінде ауылдың тыныс-тіршілігімен, тұрғындардың мұң-мұқтажымен, өзекті мәселелерімен және даму әлеуетімен жан-жақты таныстым.

Сондықтан менің сайлауалды бағдарлама ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға және елді мекеннің тұрақты өркендеуіне бағытталған.

Егер сіздер маған сенім білдіріп, Қызылқайнар ауылдық округінің әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы төрт жылда төмендегі бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жүргізуге күш саламын:

- ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуына және тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстарды жүзеге асыруға;

- «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында елді мекеннің санитарлық тазалығын тұрақты қамтамасыз ету, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруға;

- ауылшілік көшелерді кезек-кезеңімен түнгі жарықтандыруды үйлестіруге;

- инвесторлар мен кәсіпкерлерді тарта отырып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал ету және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге күш салуға;

- ауылдың негізгі көшелеріне жаяу

жүргіншілер жолдарын салу мәселесін кезек-кезеңімен шешуге ықпал етуге;

- ескірген электр бағаналарын ауыстыру жұмыстарын тиісті мекемелермен бірлесіп үйлестіруге;

- Ақжар каналына қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізіп, егістік алқаптарды тұрақты сумен қамтамасыз етуге және Жасөркен ауылын су басу қаупінің алдын алуға арналған гидротехникалық құрылыстар салу жұмыстарын үйлестіруге;

- шаруашылықтардың су үнемдеу технологияларын енгізуіне қолдау көрсетуге;

- «Ауыл аманаты» жобасы аясында тұрғындардың 2,5 пайыздық жеңілдетілген микрокредиттер алуына жан-жақты ықпал етуге;

- заң талаптарына сәйкес игерілмей жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын ұйымдастыруға;

- жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің кірісін арттыруға, бюджет қаражатының тиімді әрі ашық жұмсалыуына және қаржылық тәртіптің сақталуына үлес қосуға;

- «Заң мен тәртіп» қағидатын берік ұстана отырып, әрбір шешімнің әділ әрі халық мүддесіне сай қабылдануына ықпал етемін.

Құрметті ауыл тұрғындары!

Мен әрбір тұрғынның пікірін тыңдап, халықпен ашық әрі әділ жұмыс істеуді басты қағидатым деп білемін. Елдің сенімі – мен үшін үлкен жауапкершілік.

Тапсырыс беруші: Қызылқайнар ауылдық округі әкіміне кандидат Омарбек Д.А. Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы қаражаты есебінен төленді.

ҚЫЗЫЛҚАЙНАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ СЫРЛЫБАЕВ АСҚАР БАҚЫТҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Сырлыбаев Асқар Бақытұлы, 1982 жылдың 15 ақпанында Жамбыл ауданы, Құмтиын ауылында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ, білімім – жоғары.

2007 жылы Тараз мемлекеттік педагогикалық институтын «Тарих және география» мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолымды 2003 жылы аудандық мәдениет үйінде үйірме жетекшісі болып бастап, кейінгі жылдары мәдениет саласында түрлі жауапты қызметтер атқардым. «Зерде» бейнемобилінің меңгерушісі,

мұражайдың қор сақтаушысы, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау инспекторы қызметтерін атқара жүріп, туған жердің тарихын түгендеп, ұлттық құндылықтарды насихаттауға өз үлесімді қостым.

2019 жылдан бері Жамбыл аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры қызметін атқарып келемін. Осы жылдар ішінде музей жұмысын жаңа деңгейге көтеріп, мәдени мұраны сақтау мен зерттеу бағытында жүйелі жұмыстар атқарылды.

Отбасымда 4 бала өсіріп, тәрбиелеудемін.

ДАМЫҒАН АУЫЛ – БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН ЕЛ!

Ауылдық округтің тыныс-тіршілігімен, жай-күйімен, ауқымды және ұсақ-түйек мәселелерімен етене таныспын. Сол үшін де менің сайлауалды бағдарламам ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге және дамытуға бағытталған.

Өз сайлаушыларыма төмендегідей сайлауалды бағдарламамды ұсынамын:

- ауылдық округтің әлеуметтік-экономикасын дамыту, тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға;

- ауыл тұрғындарының жан-жақты медициналық және дәрігерлік қызметтер алуына ықпал етуге;

- елді мекеннің тазалық жұмыстарын тұрақты жүргізу, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын жүргізуге;

- округ аумағындағы ауылшілік көшелерін түнгі жарықтандыруға;

- ауылдық округке ірі кәсіпкерлер мен инвесторларды тарта отырып, жұмыс орындарын ашу, жұмыссыздық деңгейін азайту, жаңадан ашылған жұмыс орындарына ауыл жастарын орналастыруға;

- ауылдық округ аумағындағы ескірген электр бағаналарын

ауыстыру жұмыстарын, электр желілері мекемесімен жоспарлы жүргізуді үйлестіруге;

- шаруалардың су үнемдеу технологиясын іске асыруына ықпал етуге;

- ауылдық округ аумағындағы «Ақжар» каналының тұрақты, жүйелі жұмыс жасауына;

- мемлекеттен ауыл тұрғындарының кәсібін дамытуға төмендетілген несиелерді алып, кәсіп ашып, отбасылық бизнестерін дамытуға көмек көрсетуге;

- жаңа тұрғын үй алаңына газ және электр жүйелерін пайдалануға беру бойынша жұмыстар атқаруға;

- ауылдық округ аумағында спорт кешенін, жастарға демалыс саябақтарын, балаларға ойын-сауық орталықтарын салу бойынша жұмыстар жүргізуге үлесімді қосатын боламын.

Құрметті Қызылқайнар ауылдық округінің сайлаушылары!

Егер мені ауылдық округтің әкімі болуға лайықты деп санап, әкімдікке сайлаған жағдайда алдағы төрт жылда сіздердің сенімдеріңізді ақтап, округтің дамуы үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Тапсырыс беруші: Қызылқайнар ауылдық округі әкіміне кандидат Сырлыбаев А.Б. Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы қаражаты есебінен төленді.

Соңы. Басы 1-бетте

ЦИФРЛАНДЫРУ, ТИІМДІ СУ БӨЛУ ЖӘНЕ ЖАС МАМАНДАРДЫ ҚОЛДАУ –

«ҚАЗСУШАР» РМК ЖАМБЫЛ ФИЛИАЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Ирригациялық желілерді күтіп ұстау бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Жыл басында өндірістік бөлімшелердің жоспарларына сәйкес 202,3 шақырым арнаны механикалық тазалау көзделсе, бүгінгі күнге дейін оның 156,5 шақырымы тазартылып, жоспардың орындалуы 77,4 пайызды құрады.

Жамбыл облысындағы филиалға қарасты арналарда халықаралық қаржы институттарының, соның ішінде Ислам даму банкінің қаржысы есебінен суару каналдарын, дренаждық жүйелер мен гидротехникалық құрылымдарды қайта жаңғырту бағытында жалпы 71 жоба іске асырылуда. Оның ішінде Байзақ ауданында – 17, Шу ауданында – 42, Сарысу ауданында – 10 және Талас ауданында 1 жоба жүзеге асырылуда. Барлық жұмыстар кезең-кезеңімен орындалып, бекітілген мерзімдерге сәйкес жүргізілуде.

Сонымен қатар, Еуропалық Қайта Даму Банкі қаржысы есебінен «Жамбыл облысының суару каналдарын, дренаждық жүйелерін және гидротехникалық құрылымдарын қайта жаңғырту» жобасы аясында 13 жоба қарастырылған. Бұл жобалар Жамбыл, Байзақ, Шу және Сарысу аудандарында жүзеге асырылуда.

Жалпы алғанда, аталған жобалар Жамбыл облысының суармалы жерлерін тиімді сумен қамтамасыз етуге және су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Филиалдың кадрлық әлеуетін нығайтуға да ерекше көңіл бөлінуде. Жас мамандарды жұмысқа тарту тұрақты түрде жүргізілуде. 2025 жылы 7 жоғары оқу орнының түлегі жұмысқа қабылданды. 2026 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша филиалда 216 студент өндірістік тәжірибеден өтуде. Сонымен қатар, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық

университетінің 71 студенті үшін оқу-тәжірибелік экскурсия ұйымдастырылып, олар гидротехникалық нысандарда тәжірибелік сабақтарға қатысты.

«Дипломмен – ауылға!» мемлекеттік бағдарламасы аясында екі қызметкер әлеуметтік қолдау шараларын пайдаланып, олардың бірі жеңілдетілген несие арқылы тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Жалпы, «Қазсушар» РМК Жамбыл филиалында атқарылып жатқан жұмыстар су ресурстарын тиімді басқаруға, су пайдаланушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға, цифрлық технологияларды енгізуге және өңірдің су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып, өңірдің аграрлық секторын тұрақты сумен қамтамасыз етуге және су үнемдеу мәдениетін қалыптастыруға үлес қоса берді.

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

ТОО «Редакция Жамбылской районной газеты «Шұғыла-Радуга» – собственник газеты «Шұғыла-Радуга» (далее – Газета) – информирует о предоставлении печатных площадей для размещения предвыборных агитационных материалов:

– Политическим партиям, представившим партийные списки кандидатов в депутаты Курултая Республики Казахстан назначенных на 23 августа 2026 года.

Об условиях предоставления печатных площадей для размещения материалов предвыборной агитации.

Общие условия и порядок предоставления Газетой газетных площадей

Газета предоставляет печатные площади для размещения агитационных и информационных печатных материалов. Предоставление печатных площадей Газетой осуществляется на основании заключенного с собственником Газеты письменного договора о предоставлении кандидату в депутаты печатной площади для размещения печатных агитационных и информационных материалов. Форма договора и сопутствующих ему документов предоставляется при подаче нижеприведенного письменного обращения. Подписание кандидатом/ доверенным лицом договора с Газетой о предоставлении печатных площадей является согласием кандидата/ доверенного лица на принятие от Газеты услуг, связанных с проведением предвыборной агитации.

Для заключения такого договора кандидат/доверенное лицо предоставляет собственнику Газеты письменное обращение с указанием следующей информации:

- 1) Регистрационный номер, дата и время письменного обращения;
- 2) Ф.И.О. кандидата/Ф.И.О. доверенного лица, подающего письменное обращение;
- 3) Документ, подтверждающий полномочия лица на подачу письменного обращения:

удостоверение личности кандидата/ доверенного лица, удостоверение кандидата/доверенного лица, выданное уполномоченным государственным органом, иной документ в соответствии с законодательством РК;

4) Содержание письменного обращения с указанием планируемого объема занимаемой площади, вида агитационных печатных материалов;

5) Подпись кандидата либо доверенного лица.

Письменные заявления принимаются Редакцией с 9.00 часов 24 июля 2026 года до 18.00 часов 21 августа 2026 года включительно, кроме выходных и праздничных дней, с 09.00 до 18.00 часов (по времени г. Астаны), перерыв с 13.00 до 14.00 часов, по адресу: Жамбылская область, с.Аса, ул. Абая 78. К письменному обращению прилагаются копии документов, на которые в нем сделана ссылка.

Публикации должны содержать информацию об их оплате, ответственных лицах за выпуск материалов, источниках финансирования, фамилии лица, предоставившего информацию.

Предвыборная агитация начинается с момента окончания срока регистрации и заканчивается в ноль часов по местному времени дня, предшествующего дню выборов – с 18.01 23 июля по 00.00 22 августа.

Размер и порядок оплаты печатных площадей Газеты

Размер оплаты за предоставление печатных площадей для размещения агитационных и информационных материалов составляет:

– 250 тенге за 1 кв.см размещения готового модуля, без НДС;

Оплата осуществляется на основании счета, выставленного Газетой, в течение 5 (пяти) банковских дней от даты выставления такого счета. Оплата осуществляется на банковские реквизиты Газеты, указанные в соответствующем договоре о предоставлении печатных площадей Газеты либо в счете.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жамбыл аудандық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының және олардың көмекшілерінің 2026 жылдың 6 айының қорытындысымен әкімшілік учаскеде халықпен есептік кездесулер өткізудің кестесі

№	Әкімшілік учаске	Учаскелік полиция инспекторы	Өткізілетін күні және орны	АПБ басшылығынан қатысатын жауапты
Ауылдық округіне бекітілген учаскелік полиция инспекторлар				
1.	Аса ауылы, №1 әкімшілік учаскесі	Жамбыл АПБ ҚҚБ УПИ полиция капитаны О.Мирзаханов, УПИ полиция капитаны М.Балажанов, УПИ полиция капитаны С.Байсейт, УПИ полиция аға лейтенанты Қ.Қаныбек, УПИ полиция аға лейтенанты Б.Бакиров, УПИ полиция капитаны М.Дуралы, УПИ полиция аға лейтенанты А.Сыздықов	10.07.2026 ж. Аса ауылы, Абай көшесі, М.Төлебаев атындағы балалар өнер мектебі, сағат 11.00	Жамбыл АПБ ҚҚБ бастығы, полиция майоры Т.Сексенбаев
2.	Қаракемер ауылы, №2 әкімшілік учаскесі	Жамбыл АПБ ҚҚБ УПИ полиция майоры Ж.Жолдасов	03.07.2026 ж. Қаракемер ауылдық клубы, сағат 11.00. 03.07.2026 ж. №2 орта мектеп, сағат 12.00	Жамбыл АПБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі М.Мадимаров
3.	Өрнек ауылы, №3 әкімшілік учаскесі	Жамбыл АПБ ҚҚБ УПИ полиция аға лейтенанты А.Амангелді	07.07.2026 ж. Өрнек ауылы, ауылдық мәдениет үйі сағат 11.00	Жамбыл АПБ ҚҚБ бастығы, полиция майоры Т.Сексенбаев
4.	Ерназар ауылы, №4 әкімшілік учаскесі	Жамбыл АПБ ҚҚБ УПИ полиция капитаны Н.Джапаров	07.07.2026 ж. Б.Кейкиев атындағы орта мектеп, сағат 12.00. 07.07.2026 ж. Тоғызтарау ауылдық клубы, сағат 10.00	Жамбыл АПБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі М.Мадимаров
5.	Қөлқайнар ауылы, №5 әкімшілік учаскесі	Жамбыл АПБ ҚҚБ УПИ полиция капитаны Н.Смайлов, УПИ полиция капитаны Е.Ауезхан	6.07.2026 ж. Тастөбе ауылдық клубы, сағат 12.00. 6.07.2026 ж. Еңбек орта мектебі, сағат 15.00	Жамбыл АПБ ҚҚБ бастығы, полиция майоры Т.Сексенбаев
6.	Ащыбұлақ ауылы, №6 әкімшілік учаскесі	Жамбыл АПБ ҚҚБ УПИ полиция аға лейтенанты Б.Алибеков	6.07.2026 ж. Ащыбұлақ ауылдық клубы, сағат 16.00. 6.07.2026 ж. Шайдана ауылдық клубы, сағат 17.00	Жамбыл АПБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі М.Мадимаров
7.	Жамбыл ауылы №7 әкімшілік учаскесі	Жамбыл АПБ ҚҚБ УПИ полиция капитаны С.Досболулы	08.07.2026 жыл Ш.Ниязбеков ауылы, Ә.Ысмайылұлы атындағы орта мектеп, сағат 11.00	Жамбыл АПБ ҚҚБ бастығы полиция майоры Т.Сексенбаев
8.	Айшабибі ауылы, №9 әкімшілік учаскесі	Жамбыл АПБ ҚҚБ УПИ полиция майоры А.Сүйеубаев, УПИ полиция аға лейтенанты Ф.Әбілдаев, УПИ полиция капитаны А.Заурбеков, УПИ полиция капитаны Р.Файзрахманов, УПИ полиция аға лейтенанты Н.Олжабаев	8.07.2026 ж. Айшабибі ауылдық мәдениет үйі, сағат 15.00	Жамбыл АПБ ҚҚБ бастығы, полиция майоры Т.Сексенбаев
9.	Қызылқайнар ауылы №12 әкімшілік учаскесі	Жамбыл АПБ ҚҚБ УПИ полиция капитаны Е.Катимханов, УПИ полиция капитаны А.Абдралиев	9.07.2026 ж. Жасөркен ауылдық клубы, сағат 10.00	Жамбыл АПБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі М.Мадимаров
10.	Гродеково ауылы, №13 әкімшілік учаскесі	Жамбыл АПБ ҚҚБ УПИ полиция подполковнигі А.Пайзиев, УПИ полиция майоры Е.Егембердиев, УПИ полиция капитаны Ш.Раимов	9.07.2026 ж. Гродеково ауылдық мәдениет үйі, сағат 12.00	Жамбыл АПБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі М.Мадимаров
11.	Бесағаш ауылы, №14 әкімшілік учаскесі	Жамбыл АПБ ҚҚБ УПИ полиция капитаны А.Заурбеков	9.07.2026 ж. Бесағаш ауылдық клубы, сағат 15.00	Жамбыл АПБ ҚҚБ бастығы, полиция майоры Т.Сексенбаев
12.	Бірлесу-Еңбек ауылы, №16 әкімшілік учаскесі	Жамбыл АПБ ҚҚБ УПИ полиция майоры К.Умралиев	10.07.2026 ж. Бірлесу-Еңбек ауылдық клубы, сағат 15.00. 10.07.2026 ж. Шоқай ауылдық клубы, сағат 16.00	Жамбыл АПБ ҚҚБ бастығы, полиция майоры Т.Сексенбаев

ЕСКЕРТУ: 2026 жылдың жартыжылдық қорытындысымен әкімшілік учаскелерде халықпен есептік кездесу өткізген учаскелік полиция пунктi жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторлары мен учаскелік полиция инспекторлары АПБ ҚҚБ бастығына есептік кездесу өткізудің құжаттарын уақтылы ұсынуы тиіс.

ҚАЛАМҒЕР КӨЗҚАРАСЫ

Жақында өзіміздің өмір жолымызды бастаған сүйікті де жанымызға жақын аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің мерейлі 60 жылдығы аудан орталығында кеңінен аталып өтті.

«Шұғыланың» аты өзгере ме?

Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының салтанатты жиында сөйлеген сөзінен, келген қонақтарға көрсеткен ыстық ықыласынан аудан басылымына деген құрметі көрініп тұрды.

Қай кезде де мерейтойдың ерекшелігі – сол ұжымның жүріп өткен жолы, жеткен жетістігі, сонда еңбек еткен жандардың қызмет жолы тағы бір ой елегінен өтіп, кешегісі мен бүгінгі, алдағы бағыт-бағдары жан-жақты айтылады.

Мерейтойға келген ардагерлер, әріптестер «Шұғыла»-«Радуга» газетінде еңбек еткен басшы редакторлар мен журналистердің жылдар бойғы ауданның тыныс-тіршілігін, қалыптасу, даму жолдарын оқырмандарына шынайы жеткізуде тынымсыз еткен еңбегін ерекше ықыласпен еске алып, жүректі тебірентті.

Заман ағымы жаңа талаптарды алдымызға тосады. Соның бірі – газеттің бүгінде жеке тұлғаның құзырына өтуі. Осыдан оншақты жыл бұрын бұл жағдай мүмкін емес еді. Бүгінде мемлекет пен жекеменшік иелерінің арасында қалыптасқан

келісімді үрдіс өз жемісін беріп жатқанына куә болдық. Өзіміз істеп кеткен редакцияның ескі ғимараты толық күрделі жөндеуден өтіп, заманауи жабдықтармен жаратаныпты. Іші-сырты көз қуантарлық күйде екен.

Қазақта «Елу жылда ел жаңа...» деген сөз бар. Осы тойда еске түскен бір жағдай, еліміз егемендік алып, тәуелсіздігімізді бүкіл әлемге жар салғанда республикамыздың басты басылымы «Социалистік Қазақстан» газетіне халық жазушысы Шерхан Мұртаза бас редактор болып келді. Ол кезде кеңестік идеологияның ықпалы әлі күшінде еді. Тәуелсіз елміз десек те, Мәскеуге жалтақтап тұратынбыз. Міне, сол кездің өзінде Шерағаң келе сала газеттің атауын өзгертіп, «Егемен Қазақстан» деп шығарып жіберді.

Жамбыл ауданында негізінен қазақтар тұрады. Оның үстіне Кеңес Одағы кезіндегідей газетте қазақ, орыс редакциясы жоқ. Біздің кезімізде орыс тілді журналистер қызмет ететін.

Қазір кіл қазақ журналистерінен құралған газет қазақша жазылады. Өткен мерейтойда да жиналғандар – өз қандастарымыз. Сол жерде салтанатты жиында да, дастархан басында да барлығы қазақша сөйлеп жатты. Бірақ, құлағымызға «Шұғыла-Радуга» дегенде, сол «Радуга» сөзі көңілімізге онша қона қоймады.

Бұл жағдай басқа аудандарда да сол қалпында жалғасып келеді. Мүмкін бұл олқылықтың орнын толтырып, Шерағаң сияқты газеттің атын тек қазақшалап «Шұғыла» газеті деп өзгертетін кез келген шығар. Бұл ұсынысымызды аудан жұртшылығы, аудан басшылары құптар деген ойымызды жасырмаймыз. «Шұғыладан» бастау алып басқа аудандар да осы үрдіске көшер деген үмітіміз де жоқ емес.

Илияс ЫСҚАКОВ,
аудандық газеттің ардагері,
«Ақпарат саласының үздігі», «Құрмет» орденінің иегері, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы.

АУДАН БӨБЕКЖАЙЛАРЫНДА

БАЛҒЫНДАР БӨБЕКЖАЙМЕН ҚОШТАСТЫ



Балалық шақ – адам өмірінің ең шуақты, ең алаңсыз әрі ең бақытты кезеңі. Сол балғын шақтың тәтті естеліктері мен жарқын сәттері балабақшамен тығыз байланысты. Балабақша – бүлдіршіндердің алғаш рет ортаға бейімделіп, достар тауып, тәрбие мен білімнің алғашқы әліппесін үйренетін қасиетті ордасы.

Жуырда Тоғызтарау ауылындағы «Жас қанат» бөбекжай-бақша-сынада бүлдіршіндердің балабақшамен қоштасу кеші жоғары деңгейде ұйымдастырылып, әсерлі көңіл күйде өтті.

Мерекелік шараға ата-аналар мен тәрбиешілер қатысып, кішкентай тұлғаларға ізгі тілектері мен ақ баталарын арнады. Сәнді безендірілген мерекелік залда балалар көтеріңкі көңіл күймен өнер көрсетіп, кештің сәнін келтірді.

Кеш барысында бүлдіршіндер әсем әндер орындап, би биледі. Сонымен қатар, балалар тақпақтарын мәнерлеп айтып, қызықты көріністер қойып, өздерінің өнерге деген қабілеттерін көрсетті. Балғындардың балалық шақ, достық, Отан туралы шырқаған

әндері ерекше әсер қалдырды.

Тәрбиешілер тарапынан дайындалған түрлі ойындар мен қызықты сәттер мерекенің мазмұнын аша түсті. Әрбір бала сахнада өзін еркін ұстап, балабақшада алған тәрбиесі мен тәлімін паш етті. Кеш барысында ата-аналар да балаларының жетістіктеріне қуанып, ерекше күйге бөленді.

Шара соңында тәрбиешілер бүлдіршіндерге сәттілік тілеп, алдағы мектеп өмірінде озат оқушы болып, елінің мақтанышы атануына тілектестік білдірді. Сондай-ақ ата-аналар балаларына сапалы тәрбие мен білім берген балабақша ұжымына шынайы алғыстарын жеткізді.

Шахризада ТОЙГУЛИЕВА,
тәрбиеші.

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

Qalqan ашықтықтың жаңа стандарттарын қалыптастырады

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры денсаулық сақтау саласындағы қаржы ағындарын басқарудың кешенді цифрлық моделіне көшуде.

Мемлекет басшысы мен Премьер-министрдің тапсырмасын орындау аясында жаңа цифрлық Qalqan жүйесі қалыптастырылуда. Жоба қор қызметін толық цифрландыруға, технологиялық алшақтықтарды жоюға және қолмен орындалатын операцияларды болдырмауға бағытталған. Бұл саладағы барлық негізгі шешімдердің бірыңғай әрі сенімді деректер негізінде қабылдануын қамтамасыз етеді.

Qalqan платформасының басты ерекшелігі – Қаржы министрлігінің контурындағы заманауи технологиялық платформада орналастырылуы. Бұл дайын мемлекеттік IT-шешімдерді пайдалануға және денсаулық сақтау жүйесінің бюджетіне қосымша шығын түсірмей интеграциялауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, платформа медициналық ақпараттық жүйе болып



табылмайды. Ем-диагностикалық үрдісіне араласпайды және дәрігерлерге қосымша әкімшілік жүктеме түсірмейді. Оның негізгі мақсаты – қаржының абсолютті ашықтығын қамтамасыз ету, көрсетілген қызметтерді верификациялау және МӘМС қаражатына қатаң бақылау орнату.

Қазіргі уақытта қор қызметі тек ішінара цифрландырылған. Бұл процестердегі белгілі бір

алшақтықтардың сақталуына және кейбір операциялардың қолмен орындалуына әкелді. Ендігі кезекте, Qalqan платформасы – жаңа деңгейге өту, жекелеген операцияларды жай есепке алудан бастап шығындар мен олардың тиімділігін толық басқару. Медициналық ақпараттық жүйелерді, клиникалардың бухгалтерлік бағдарламаларын және мемлекеттік дереккөздерді байланыстыратын бірыңғай

модель қалыптастырылып жатыр. Бұл өз кезегінде тарифтерді жедел түзетуге және олардың бюджетке әсерін бірден көруге мүмкіндік беретін бірегей «бюджетті оркестрлеу» құралын енгізуге жол ашады. Ең бастысы, жүйе әрбір нақты пациентке жұмсалған шығындарды толықтай дараландырып, ақпаратты оның жеке цифрлық ресурстарына шығаруды қамтамасыз етеді.

Qalqan платформасының пилоттық іске қосылуы ағымдағы жылдың 16 наурызында өтті. Бүгінде жүйеге еліміздегі барлық медициналық ұйымдар тартылған. Қазіргі уақытта оларды толық цифрландыру кезеңі жүріп жатыр. Медициналық ұйымдар жүйеге лицензиялары, инфрақұрылымы және өзге де ресурстары туралы верификацияланған мәліметтерді енгізуде. Бұл еліміздегі медициналық қызмет көрсетушілердің алғашқы бірыңғай әрі сенімді базасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Платформа аясында жүйеге деген ұзақмерзімді сенімнің негізіне айналатын озық бақылау құралдары енгізілуде. Атап айтқанда, тіркелмеген қызметтерді болдырмау үшін

медициналық көмектің нақты көрсетілгенін QR-код арқылы растау тетігі енгізілді. Осы ретте eGov инфрақұрылымы мен екінші деңгейлі банктердің үйреншікті сервистері пайдаланылады. Бұл құралдың қосымша жүктемесіз жаппай қолданылуын қамтамасыз етеді.

Платформа медициналық ақпараттық жүйелерге тікелей қосылады. Қазіргі уақытта тестілеу кезеңі аяқталуға жақын. Бұл бастапқы деректерді тікелей алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ауруханалардың ішкі бухгалтерлік жүйелерін қосу жұмыстары жүргізілуде. Осы деректер негізінде автоматтандырылған «тарифтік экономика» блогы әрбір медициналық қызметтің нақты өзіндік құнын есептейтін болады.

Qalqan платформасын енгізу медицинадағы қаржылық бақылау жүйесін түбегейлі өзгертіп, оны мемлекет, медициналық ұйымдар және еліміздің әрбір азаматы үшін барынша ашық етеді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ баспасөз қызметі.

Меншік иесі:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор:
Айман ТЛЕУКЕЕВА

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

**Бас редактордың
орынбасары:**

Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер-теруші:

**Бас редактордың
орынбасары:**

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

87059774177

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

87474240395

Шұғыла АҚШАБАЙ

877770284244

Ғалия АЛИЕВА

87075853423

2-20-24

2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 1931 Тапсырыс №504

Нөмірдің кезекшісі: Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.

Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үйі.